

## Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы

Сыныптардағы ата-аналар жиналысы

**Тақырыбы: Отбасы – бақыт бесігі**

**Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу**

1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі
2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі
3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері
4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас
5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері

**Мақсаты:** 1. Ата-ананың өмірге деген көз-қарасын өзгерту.

2. Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

3. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

**Міндеті:** 1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі;

2. мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі;

3. Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы;

**Керекті құралдар:** Үлестірмелі қима қағаз, интерактивті тақта, стикерлер.

**Әдіс-тәсілдер:** пікірлесу, сұрақ-жауап, «Қызықты сұрақтар».

**Жиналыс барысы**

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Ата-аналарды отырғызу

Парақшалар тарату.

1. Жиналыс мақсатын айту

- Ардақты ата-аналар! Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата-ана мен мектеп. Болашақ десек те, келешек десе де бала- ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі- бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті.

Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Олай болса, бүгінгі тренингімізді бастамас бұрын өздерімізді таныстырып өтейік.

Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені, адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы- адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әкешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата-ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет –өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал

Үшінші рет-немереңіз барады екен, Ендеше бүгінгі сабағымызға қатысып отырған ата-аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектепке келе беріңіздер демекпіз!

Психологиялық ахуал ұйымдастыру. Ата-аналар өз есімінің бас әрпінен сын есімді сөздер айтып, өзін мінездеп береді. Балаларын қалай жақсы көретінін стикерге жазады.

Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға, үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу - біздің борышымыз. Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді.

Ата - ана - отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана - отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы.

Отбасы – шағын мемлекет. Ол – тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейірімділік пен адамгершіліктің ордасы. Адам баласының өмірге келгеннен кейінгі бар тіршілігі осы отбасында өтеді. Отбасы алтын ұя, киелі шаңырақ болса, сол шаңырақтың мұрагері, ұрпақ жалғасы балалар болып табылады. Отбасында балалар негізгі тәрбиені ата-анадан алады. Олай болса баланың бас ұстазы – ата-ана. Ұлы Абай бұл туралы

« Ата-анаға көз қуаныш –

Алдына алған еркесі.

Көкірегіне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі» деп жыр еткен екен.

Әке мен ана – шаңырақтың тірегі. Ата-ананың отбасы тәрбиесіндегі негізгі міндетін айқындайтын нақыл сөздерді де көп кездестіруге болады. Дана халқымыз «Әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағасында өскен құрақ», «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі» деген екен.

Отбасы тәрбиесі туралы түркі ойшылы Жүсіп Баласұғын былай дейді:

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнерімен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан ұядан –

Өле-өлгенше соны таныр қиядан.

Өнер-білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан.

Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған,

Жақсы, жаман болса, бала- солардан».

Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешесіне қарап бой түзейді. Ата-ана балаларына үлгі-өнеге көрсете алмаса, онда тәрбиелі бала өсіруі екіталай. Өйткені бала ересектерге, әсіресе ата-анасына, тәрбиешілерге өте еліктегіш келеді. Жақсыны да, жаманды да солардан үйренеді, көргенін қайталайды. Қазақтың дауылпаз ақыны Ілияс Жансүгірұлы «Жаста берілген, басқа сінген тәлімнің өзін өлмей сүйегіңнен қала алмас» деп бүлдіршінге жастайынан берілген тәрбиенің жемісті екенін айтады. Жас балаға өз ата-анасы – асқар-тау. Әке-шешенің ауызынан шыққан сөз бала үшін заң болып есептеледі.

Ата-аналар сандар арқылы топқа бөлінеді. Әр түрлі тапсырмалар орындайды. 1-ші тапсырма пазлдарды жинап, шыққан мақалды сурет ретінде А3-форматына салу және келесі топқа мақал-мәтелді сурет арқылы жасыру. Келесі топ мақалды табу керек.

**Тапсырмалар:** мақалды аяқтау керек

Әдепті бала ата - анасын мақтатар... (әдепсіз бала ата - анасын қақсатар).

Әкесі тұрып ұл сөйлегеннен без... (шешесі тұрып қыз сөйлегеннен без).  
Қарағайға қарап тал өсер... (қатарына қарап бала өсер).  
Үйінде ұлы - қызы бардың... (көгінде сөнбес жұлдызы бар).  
Ана сүтін ақтамағанды ... (ешкім жақтамайды).  
Жығылып жатып... (сүрінгенге күлме).  
Күлме досыңа... (келер басыңа).  
Әлепті бала арлы бала... (әдепсіз бала сорлы бала).  
Ауру қалса да... (әдет қалмайды).  
Ұяда нені көрсен ... (ұшқанда соны ілесің).  
2-ші тапсырма конверт әдісі. Конверттен әр топ сұрақтарды алып оқиды, жауабын айтады.

### **Сұрақ-жауап:**

Балдан тәтті не? (бала)  
Шаңырақ иесі кім? (кенже ұл)  
Балаға кім сыншы? (ата-ана)  
Әкеден балаға беріледі (мұра)  
Үйде кім, елде кім қадірлі (үйде қонақ, қарт, бала қадірлі; елде әкім, ұстаз қадірлі.)  
Үйдегі алтын қазық кім? (ана)  
«Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі? (Қорқыт ата)  
Қаз да емес, үйрек те емес,  
Дастарханда болмайды  
Бірақ барлық адам дәм татқан (ана сүті)

### **3-ші тапсырма жағдаяттық сұрақтар.**

1. Сізге мектептегі мұғалімдердің «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылды. Тағы көрші ата-аналардан да «Біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Баланы қалай тәрбиелейсіз?
2. Кейбір ата-аналардың баласының әрбір іс-әрекетіне көңілі толмай : «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың, сен түсінбейсің,» -деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әректіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
3. Балаңыз соңғы шыққан айфон телефонын алып беруді өтінді. Себебі сыныптағы досына ата-анасы алып берген екен. Сіздің де алып беруге жағдайыңыз бар. Бұл жағдайда не істер едіңіз?
4. Жұмыстан келіп, балаңыздың көзілдірік шытынап сынайын дегенін байқадыңыз. Баланың көңіл-күйі жоқ, сұрап едіңіз, ештеңе деместен жылап жіберді. Сіздің әрекетіңіз? Соңында ата-аналарға ермексаз, қағаз, қарындаштар, майлы салфетка беріп «Бала» тренингімен аяқталады.

### **Қорытындылау**

Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат анамыз, қамқор әкеміз, қайырымды ата - әжеміз, аға - әпкеміз, іні - қарындасымыз туралы айттық. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек.

**Кері байланыс:** стикерлер.

